

Айтыстағы шешендіктің қызметі

Әбдуов М.І., Қуанбаева Д.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Статья, посвященная сравнительному анализу особенностей ораторской речи биев и айтыскеров, является актуальной сегодня, так как ранее их ораторское искусство было всесторонне исследовано по отдельности. Автором делается попытка раскрыть своеобразие некоторых граней искусства биев с точки зрения употребления лексики и влияния на художественность образного строя и высокий уровень использования айтыскерами языковых форм.

Article is devoted to the comparative analysis of features of an oratorical speech and aitys players. For today there was not investigated the oratorical speech and aitys player's creativity in the given aspect because a detailed research each of them has been connected with their studying separately. In article there is attempted to open an originality of some sides of oratorical art from the point of view of the use of lexicon and its influence on artistry of image system and a high level of use of a language forms is done.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті тамаша мамандар даярлап, түлектер ұшырғанына да қырық жыл уақыт болыпты. Бұл аз мерзім емес. Осы көрсетілген уақыттың аясында ҚарМУ хабаршысы да ғылым мен білімнің дамуына үлкен үлес қосып, талай тамаша мақалаларды жариялады. Филология саласы бойынша да көптеген маңызды әрі мәнді дүниелер жарыққа шықты. Солардың арасында халықтың рухани мұрасы болып табылатын фольклорлық материалдар да көптеп саналады. Әрине, заман талабына орай «ҚарМУ хабаршысының» талай тамаша әрі құнды мақалаларды жариялайтындығына біз кәміл сенеміз.

Халық мұрасы туралы сөз еткенде бел ортасында шешендік сөздердің болатындығы айдан анық. Сондықтан, шешендік сөздердің табиғатына тереңдей үңіліп, оның қыры мен сырын ажырату фольклортанушы-ғалымдардың басты міндеттерінің бірі екендігі ақиқат. Десек те, шешендік сөздердің сыртқы өрнегі мен ішкі сұлулығын көпшілігінде ділмарлық пен тапқырлықтың аясынан көбірек іздейтіндігіміз де рас. Бірақ халық ақындарының шығармашылығының тартымды болуына айрықша әсер ететін осы шешендік екендігі мәлім. Әсіресе айтыс саласында бұл сипат айқын аңғарылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін айтыстағы шешендіктің қызметіне шама-шарқымыз жеткенше тоқталып көрелік.

Ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтай отырып, бүгінгі күнге жеткізуші және әрі қарай жалғастырушы, өркендетуші ақындар, сан ғасырлар бойына өсіп, жетіліп қалыптасқан өнерді дамытып келеді. Сондай дәстүрлі жалғастығын тапқан саланың бірі — айтыс. Х.Сүйіншәлиев өз еңбегінде: «Ақындықты ең қажет өнер деп тану, сол өнердің асқан шеберлігін тәрбиелеу, өсіру, жетілдіру мақсаттарын сезіну әдебиетте айтыс жанрын туғызды. Сол айтыс жанрын негіздеуші, дамытушылар кім десек, олар да төкпе ақындар еді» [1]. Сондай-ақ айтыстың шығу тегі, дамуы жайында ғалым М.Жармұхамедов те жан-жақты зерттеп жазған болатын.

Белгілі ғалым Қ.Жұмалиев айтысты төмендегідей салаларға жіктейді: а) «Жар-жар» айтысы; б) мал мен адамның айтысы; в) өлі мен тірінің айтысы; г) жұмбақ айтысы; д) салт айтысы; з) ру айтысы; и) осы күнгі айтыс [2]. Ғалым-зерттеуші М.Әуезов айтысты екі үлкен салаға бөліп қарастырған. Алғашқы саласын әдет-ғұрып айтысы деп алып, тұрмыс-салтқа орай туындаған «жар-

жар» мен «бәдік» сияқты айтыстарды жатқызады, соңғы саласын ақындар айтысы деп жіктесе, күрделі, төкпе түрін сүре айтысқа жатқызған [3].

Қалай десек те, айтыстың өзіндік тарихы мен даму жолы бар. Халықтың өткендегі тыныс-тіршілігінен мол хабар беретін суырып салмалық дәстүрдің өсіп-жетілуіне, дамуына, бүгінгі таңға жетуіне айрықша арқау болған, кемелденіп қалыптасқан сала екендігі күмәнсіз. Белгілі ғалым, зерттеуші Х.Досмұхамедұлы осы тұрғыда айтыс жайында үлкен ғылыми тұжырым жасаған [4].

Біріншіден, айтыс — фольклордың көлемі де қомақты басты саласы. Ол ауызша туындап, ауызша дамыған. Оны шығарушылар — ауыз әдебиетінің жалғастырушы өкілдері. Оның бастауы сонау көне дәуір әдебиетінде жатыр.

Екіншіден, айтыс — өнердің бір түрі. Өйткені өнер талантқа бітеді. Екіншісі өнерші бола алмайды. Ал айтысты тудырушылар — талант иелері. Айтыстың асыл қазынасы халық мұрасын байытып, көркейтпін отырады. Бұл жағдай айтыстың өзі үшін де, жалпы өнер үшін де, халық мұрасы үшін де бағалы болғандықтан, қадірлеп-қастерлей білуіміз абзал.

Үшіншіден, айтыс — шежіре, тарих. Мағынасы жағынан терең, үлкен халықтық мәні бар, мемлекеттік дәрежедегі айтыстар ауқымды-ауқымды тарихи оқиғалардан хабар береді. Елі үшін еңіреген тұлғалы азаматтардың есімі мен еңбегінен жан-жақты мағлұмат аламыз. Ру аттары мен олардың туыстық жақындығын да аңғартып отырады.

Төртіншіден, айтыс — насихатшы. Ағайын арасы мен ел ішінің бірлігін сақтауға атсалысқан. Сыйластықты, достықты дәріптеген. Байбалам сала бермей, сөзден тосылған ақынның жеңілгендігін мойындауы — өте жоғары әділеттіктің белгісі. Ендеше, айтыс — әділеттіктің жаршысы. Сыйластық пен әділет мәдениеттің бастауы. Сын түзелмей, мін түзелмейді. Айтыста сын мәселесі де кең орын алған.

Міне, айтыс саласының күні бүгінгі дейін өзінің үнін үдетіп, дамыта отыра жалғастығын тауып келе жатқан себебі жоғарыда айтылған ерекшеліктерге байланысты.

Айтыстың өз ішіндегі көлемді саласы — ақындар айтысы. Ғалым Б.Адамбаев: «Ақындық айтыс — қазақ әдебиетінің арнаулы бір саласы. Ертеректе бәрі ел өмірінде болған той-думан, ас-жиындар ақындар айтысынсыз өтпеген. Ежелден келе жатқан ақындар айтысының дәстүрі бойынша қарт пен жас, еркек пен әйел тартынбай айтыса берген. Оған қарт ақын Жанакқа жас талап Сабырбайдың, атасындай Сүйінбайға қарсы Күнбала қыздың айтыстары дәлел бола алады» [5; 187], — деп жазған болған. Тапқырлықты, алғырлықты, төзімділікті, білгірлікті қажет ететін ақындар айтысы көптеген ақындардың басты творчествосына айналды. Айтыскерлігімен елге танылған айтыс ақыны аталады. Көнеден қалыптасқан айтыс дәстүрінде ақындар бірін-бірі арнайы іздеп барып сөз айтысына түсетін болған. Сөйтіп, топтың алдында өз өнерлерін ортаға сап, қашан бірі жеңіліп, екіншісі жеңіске жеткенше айтыс тоқтаусыз жалғасады. Ал бүгінгі таңдағы айтыста осы аталған екі мәселе оқыланып қалған. Қазіргі кезде ақындар бірін-бірі іздемейді, белгілі бір мерекелік тойға орай айтыс ұйымдастырылады. Екіншіден, уақыт шектеулі. Яғни, ақындарымыз еркін көсіліп шабуға мүмкіндік ала алмайды. Міне, осы екі жағдай айтысқа біршама әсерін тигізгені сөзсіз. Айтыс жайын айтқанда алдымен ауызға оралатын дәстүр — суырып салмалық. Неге? Өйткені бұл екеуі бірімен-бірі біте қайнасып келе жатыр. Ауыз әдебиеті жанрларының ішінде айтыстың орыны ерекше. Басқа сөзбен айтқанда, ауыз әдебиетінің өзге жанрлары бір төбе болса, айтыс — бір төбе. Бұл жайында атақты ғалым Р.Бердібаев айтқан болатын.

Міне, ғасырдан ғасырға сабақтастығын тауып келе жатқан айтысты жандандырушы Жамбыл бастаған топтың жуан ортасында Маясар, Қайып, Шашубай, Жәкен, Доскейлер бар еді. Осылардың ішінде айтыскерлігімен бала жасында көзге түскен Шашубай Қошқарбайұлы. Оның өнердегі өрісі, биік тұғыры — айтыскерлігі. Сөз сайысын ертеден қатты құрметтей білген қазақ айтыс ақындарын өте жоғары бағалай білген. Міне, осындай өнерге бойлағыш, өнерді қадірлегіш ортада, Шашубай да жастайынан сөз қақтығысына түсіп, сыналып, шыңдалып өскен, Жетісудағы Балжан деген әпкесінің қолында жүргенде, он үш жасар Шашубайдың қыздармен сөз сынасуы біздің пікірімізді айқындай түседі. Қыздар:

*Сен жігіт, сеңсең жігіт, сеңсең жігіт,
Сонда жігіт боларсың, сенсең жігіт.
Қаңғып келдің еліме, қайыр тілеп,
Құныңды кім береді өлсең жігіт, —*

дегенде, Шашубай бірден:

*Сен қыздар, сеңсең қыздар, сеңсең қыздар,
Сеңсеңімді беремін жеңсең қыздар.
Қараңғыда найзаға қарсы шауып,
Құныңды кім береді өлсең қыздар [6; 148], —*

деп шалып түсіреді. Осылай он үшінде көпке танылған Шашубай, жыр дүлдүлі атанған Жамбылмен де айтысқа түскен. Шашубайдың шешендігін, айтыскерлігін Жамбыл жоғары бағалаған. Доскей, Болман, Көшен ақындармен сөз сайысына түсіп, талай рет жүлдеге ие болған.

Ақын Жолдыкей Нұрмағанбетовтың жыр жорғасы атануы айтыскерлігімен тығыз байланысты. «Айтыс» кітабында: «Ажарлы, мәнерлі, нақышты тіл Жолдыкей мен Көшен айтысында бой керсетеді» [7; 206], — деп жазылған болатын. Бұл айтыста сөз сырына зерек Жолдыкей қапияда жол тауып, шар болаттай шарықтаған еңбек ерлерін құлшына жырлайды.

*Алыптың ардақтыларын
Көмірді қардай күреп сырқыратқан,
Атылып арыстандай сом қайратпен.
Алмастай ақ қайласы құз құлатқан [7; 222], —*

деп бояу нақышын келістіре, өрнек-оюын жарастыра айтады. Әдемі де әсерлі сөздермен әдіптеп, әшкейлеп сипаттай отырып, Көшенге: «Сендер де сеңнен қайтпас қаһарлы айбат», «Майданның оң қабаты сендерсіндер, бірің — дәм, бірің — қару, бірің — канат», — дейді. Сол кездің «Бәрі де майдан үшін» деген метафоралық, перефразиялық тіркестерді пайдаланып, көркемсөз үлгісін тудырады. Бұл айтыстан үздік тенеу, эпитет, троп пен фигураның небір шұрайлыларын табуға болады.

Халық ақындарының айтысында әлеуметтік мәселелер сөз болған. Солардың ең бастыларының бірі — шаруашылықтың жай-күйі. Мұнда екі шаруашылықтың ақындары қарсыласы жағының кемшіліктерін бетіне басып, ашып айтқан. Бұл, бір жағынан, шаруашылықтың олқы жақтарын жойып, өсіп-өркендеуіне үлкен ықпалын тигізіп отырған. Мәселен, Жәкен мен Маясардың сөз жарысынан біз осыны аңғарамыз.

*Жәкенім, айтқан сөзің ұнап жатыр,
Үйіңде пеш пен қораң құлап жатыр.
Қолқабыс тигізетін адамың жоқ,
Бір ғана келін байқұс сылап жатыр.
Дүниенің жарығына биыл келген,
Бесікте егіз қызың жылап жатыр, —*

деп Маясар Жәкенге колхоз басқармасының көмек бермегенін сынағында, Жәкен:

*Маяке, барыспайық бала жаққа,
Жатыр деп пешің құлап жала жаппа.
Көргеміз біз де барып ауылыңызды,
Асықпай әр өлкені аралап та.
Өмірде өткен болмас өтірік пе,
Ағайынға арада жүрмес өкпе.
Кіруге үй түгілі үңгір таппай,
Далада жатты Қасым алты сөтке [8], —*

деп бірден жауап қайтарған.

Маясар ақынның мұрасын молайтып, шоқтығын биіктететін оның айтыстары. Ақынның Нұрлыбекпен айтысы 1966 жылы шыққан «Айтыс» кітабының үшінші томына енгізілсе, Болманмен, Жәкенмен, Үкішпен айтыстары газет-журнал беттерінде жарияланған болатын. Маясардың ақындығы, айтыскерлігі жөнінде мақталу сөздер, берілген бағалар баршылық. Б.Ысқақов: «Шаршы топқа түскен халық ақындарын дарындылық қабілетіне қарай суырып салма, ақпа ақындар

(Қ.Жүсіпов, Н.Баймұратов, Қ.Жапсарбаев т.б.), әнші ақындар (Қ.Әзірбаев, М.Жапақов, Б.Бектұрғанов), жыршы жыраулар, ауыз әдебиетінен жинаушылар деп әр салаға бөлуге болады» [5; 188] деп айтса, Ғ.Жұмабаев халық ақындарының республикалық мәслихатында Маясар туралы: «Жалпылама сыпыртпай, бет көбігін лепіртпей, шаруаны білетін, өмір талабын түсінетін, егінші тұрмысының ерлік еңбегін егжей-тегжей саралап ұғынған, қартайса да солардың нақ ортасында болған адамның тілімен сөйлеп отыр. Иә, бұл ғажап нәрсе екен, өз елімен біте қайнасып, оның ең игі қасиетін жанымен ұққан халық ақыны қартайдым деп, отау басында жантайып жата алмайды. Бұл Жамбылдан қалған дәстүр. Маясар сөзінің дәмді, салмақты болуы да осыдан» [5; 206], — деп көптің көңілінен шыққан киелі пікір айтқан.

Соғыс жылдары қазақтың ұлттық мәдени мұрасы — ақындар айтысы жедел дамыды. Бұл орайда әсіресе көзге түскен 1943 жылғы ұйымдастырылған ақындар айтысы. Бұған дейін де 1934, 1936, 1939 жылдары айтыстар дүркін-дүркін өткізілген болатын. Бірақ соғыс кезіндегі айтыстың маңызы ерекше. Мұнда негізінен ақындар бір-біріне қайрат-қажыр, көмек бере, елге рух дарыта айтысты. Өткізілген айтыстар жазылып алынып, газет беттерінде жарияланды. Екі ақынның айтысын үшінші ақын қорытындылау, баға беру қалыптасты.

1943 жылғы белгілі айтыстардың бірі — Шашубай мен Көшеннің айтысы. Бұған 700-дей адам қатысып тамашаланған. Шашубай — Балқаш, Көшен Қарағанды атынан түседі. Өзінің елін, жерін мақтау — ертеден қалыптасқан дәстүр. Осы көрініс Шашубайда былайша байқалады:

*Алыбым күміс күптеп, алтын аптап,
Қазынам алқабында жатқан қаптап.
Байлығы сарқылмайтын Қоңыратым,
Қойныңа алуан кенін келген сақтап.*

Көшен де осы дәстүрде жырлайды.

*Балқытқан мың тоннамен болат, темір,
Орасан заводтардың жаны — көмір.
Майданға қару-жарақ, азық-түлік,
Таситын темір жолдың қаны — көмір [6; 104].*

Сол кездері Қайып, Жолдыкей, Доскей, Шашубай, Маясар, Жәкендеріңіз өздерінің майталман ақын екендіктерін тағы бір танытып өтті. Өзекті мәселе «майданға көлкөсір ғып көмір ғып берген» шахталар, «Батыр деп халық мақтап атақ берген» тың ерлерінің қажырлы еңбектерін жырлайды. Айтыста асқан ақындық қуат пен тапқырлық, ұқыптылық қатар жүруі қажет.

Ақындар айтысы кезінде Жамбыл бастаған, жаңа салт енді. Ол — ақындар айтысын бастау, жарыс алдында ақындарға бүгінгі болатын айтыстың мақсатын, бағытын сілтеу. 1943 жылғы республикалық ақындар айтысын Жамбыл өзінің ақындарға арнауымен бастаған. Осы салт кейінгі ақындарға да тән болып қалыптасып кетті. «Айтыс дәстүрі — ақын мектебі. Шеберлікті тыңдайтын қатаң да, қатал сын. Талай ақындар осы сыннан мүдірмей өткенде ғана шын ақын атағын алған. Ақындар айтысы ең алдымен өнер жарысы» [9]. Ақындар айтысының бір ерекшелігі көркемділігінде, сөздерді бейнелі түрде қолдана білуінде, жан бітіруінде, мәселен, Көшен мен Жолдыкей айтысындағы сөздік оралымдар осының айғағы. «Екі аяғым — зеңбірек, кеудем — бомба, құралған осылардан мен бір алып».

Ақындық өнері ретінде айтыстың бір ерекшелігі, өмірдің қандай саласына болса да еркін араласады. Айтысқа түскен ақын өз елі мен жерінің көкейтесті мәселесін айта алады. Дәстүрлі айтыста өзінің елін, жерін таныстырудан, ардақты азаматтарын мадақтаудан бастайды. Мұны Маясар мен Нұрлыбектің де айтысынан аңғаруға болады. Қарағанды облысының атынан түскен Маясар ақын:

*Төлеген, Нұркен, Мартбек, Мәлік, Асқар
Әрбірі он сан қолын жаудың жасқар.
Елімнің, сайыпқыран батырына
Еш дұшпан ерлігіне келмес астар, —*

деп соғыста ерлік көрсеткен батырларын дәріптесе, Семей облысынан түскен Нұрлыбек:

*Кім жетер ой теңізі Абайыма
Бәйтерек құлаш жайған маңайына [10; 4], —*

деп поэзия атасы — Абайды мақтан етіп көрсетеді. Бұл айтыстың тағы бір ерекшелігі, екі ақын да бір-бірінің кемшілігін айтып, осал жеріне тиісуден бастамайды, қайта мадақтау сөздер айтады. Мәселен, Маясар Нұрлыбекке кезек берерде:

*Ардақты Абай сынды ұл тугызған
Ел елдің әдебіне бас ұрғызған, —*

деп ұсынса, Нұрлыбек;

*Қара алтын, калың аймақ Қарағанды
Алыптен алар кезде күш шайқасып [10; 4], —*

деп жауап қайтарған. Соғыс кезінде халықтың, елдің әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігінің төмендеп, қиын жағдайға түскендігі белгілі. Әйелдер ер азаматтарын майданға аттандырып, ауыртпашылықты көтергендігі мәлім. Осындай жағдайда кемшілік пен кемістікті айтып елдің еңсесін түсіргеннен гөрі, жетістіктері мен жақсы жақтарын сөз еткен жөн екендігін ақындар да сезе білген.

Көне дәуірден келе жатқан айтыс үлгілерінің ішінде ерекше бір түрі — адамның төрт түлік малмен айтысы. Бұл да қажеттілікке байланысты қалыптасқан. Ақын өзінің көңіл-күйін, тұрмыс жағдайын осы әдіспен сездіре білген. Бұған «Қой мен иесінің», «Сиыр мен иесінің» айтыстарын жатқызуға болады. Тіпті эпостық жырлар мен ертегілердегі бас кейіпкерлер мен астындағы серігі атының жауаптасуы да осы тектес. Мал мен малдың айтысы да осының бір түрі болып саналады. Міне, айтыстағы осы салт бүгінгі заманға дейін өз жалғастығын тауып келе жатыр. Өйткені дәстүрдің мықтылығы оның жалғасып, дамып отыруында. Мәселен, Жолдыкей мен сиырдың шағын айтысы осыны дәлелдейді.

*Сен едің үйлі жанның тиянағы
Шиемтей жас бала бар ұядағы
Барады бәрі жылап мазамды алып
Аленді Жәкең неден ұялады [10; 3], —*

деп соқыр сиырды союға ыңғайланған ақынды «тоқтай тұр, ақтық сөзім бар» деген сиыр, өзінің де, иесінің де ауыр халге ұшырауына себеп болған колхоз астығын ұрлаушылар екендігін атап отырып әшкерлейді. Бұл жерде колхоз астығын ұрлап отырғандар осал адамдар емес. Олардың кімдер екендігін, тікелей жария ету қиын. Міне, осы орайда Жолдыкей ақын көнеден келе жатқан дәстүрді шеберлікпен қолдана отырып, әдіс жасаған. Сондай-ақ осындай айтыс Жәкен Байтуовта да бар. Фермадағы жүдеп-жадауға айналған мал шаруашылығының жайын жаны ашыр қауымға өзінің қоймен айтысы арқылы жеткізеді. Енді айтысқа тоқталып көрейік. Он бір буынды қара өлең негізінде шығарылған бұл айтыстың көлемі шағын. «Ақ қой мен қара қойдың мұңы» деп аталатын кіріспе сөзі бар.

*Аяңдап тұрған қойға келдік баяу,
Мүлгиді жануарлар ұйқылы-ояу,
Байқасам өзге қойдан күйі төмен,
Еті арық, іші жарау, көңілі қаяу.*

Осындай жағдайға қалайша тап болғандығын сұрағанда қой:

*Төртеуі жөн сұрады сен кімсің деп,
Ауданнан келген әлде өкілсің деп,
Тергедің бізді сонша-айтшы өзің,
Танимыз, жолдас, сені әлдекім деп [5; 26], —*

деп сақтана сұрайды. Осы шумақта байқаған адамға сол кезеңінде хабар беріп тұр, яғни, «өкілсің» деп айтуы тегін емес. Өйткені өкіл — партия нұсқауымен келген адам. Бірақ оның да шаруашылыққа қаншалықты дәрежеде жаны ашығандығы белгілі. Тамағын тойдырып, тайып тұру.

Егер өкіл болса, қойдың жауап бергісі жоқ. Ақынмын дегеннен кейін ғана:

*Көк бақа, денемізді қотыр басты
Дәрігер келмегелі айдан асты
Басқарма завфермалар жібермейді
Жолынан мал маманы неге адасты!* [5; 36] —

деп ағынан жарылады. Өз жалғасын тауып келе жатқан айтыстың бұл саласының көне түріне де, кейінгілеріне де тән ортақ белгі мынандай. Айтыстың басқа түрлері (ақындар, қыз бен жігіт, жұмбақ, бәдік т.б.) көпшілік жиналған жерде, ел алдында туындаса, адам мен малдың айтысы тыңдаушысы жоқ болса да шығарыла береді, көпшілік оны кейін естуі де мүмкін. Ғалым М.Жармұхамедов былай дейді: «Өз тыңдаушысына әсер сезімі айрықша бұл топтағы нұсқалар әдебиетімізде мысал жанрына ұқсас тәрбиелік мәні мол жаңа сипатты айтыс үлгілерінің («Ат пен иесі»), («Домбыра мен ақын»), («Бұзау мен әйел»), («Бай мен қасқыр») туып қалыптасуына жол салды» [10; 33]. Осы тәріздес айтыстардың бірі — аң мен адамның айтысы. Мұның ішінде айтыста көп қолданылатын жыртқыш аң — қасқыр. Мұның өзіндік себебі бар. Амандасқанда «Мал-жан аман ба?» деп малды алдымен айтатын қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғаны белгілі. Күн көрісі төрт түлікпен байланысты болғандықтан, оны баққан, күткен, қорыған. Жыртқыш аңдардың ішінде мал жауы — қасқыр.

Сондықтан да халық осы тұрғыдағы көп мәселені қасқырмен байланыстырып отырған. Мәселен, ұрыларды «Адамның қасқыры» деп атаса, қасқырдың өзін «Ит — құс» деуі осыған байланысты. Бұл жағдай «Қасқыр мен Қарашекпен» айтысында көрініс береді. Міне, осындай мысал мәндес қасқыр мен айтыс Шашубайда да бар. Бұл айтыстың көлемі әжептәуір, 161 жолдан тұрады. Кеңес үкіметі кезінде малдың жауы деп есептеген қасқырды атуға, соғып алуға ерік берілген болатын. Шашубай осы мәселені де айтысқа келтіріп отырған:

*Ұстап алып Шашубай түбіме жеттің,
Өлтірдің де байымды өкпелеттің.
Біздің жеген бір атты сонша қуып
Түбі оң көзі болдың-ау үкіметтің, —*

десе, Шашубай:

*Шал едім күшке кірген күн-күн сайын
Қас қылсаң қарсыласып күшің дайын,
Картайған шал дедің де атын жедің
Үкімет қадірлеген Шашубайдың* [6; 99], —

деп айтады. Бірақ айтыстың негізгі мәні мұнда емес. Дәстүрлі жалғастықпен байланысында. Тілге жеңіл, көңілге қонымды, әрі нанымды түрде қасқырды адамша сөйлетеді. Ол адам қасқыры болсын, қасқырдың өзі болсын, «қасқырдың ауызы жесе де қан, жемесе де қан». Халықтық туындыда («Қарашекпен мен қасқыр»):

*Көрді де бір топ атты құды мені,
Ат-әбзел, қару-жарақ жоқ бір кемі.
Жүгіріп сілем құрып жеттім мұнда,
Басыма бәле болып бұзау жемі, —*

деп келсе, Шашубай айтысында:

*Қақпан салып ұстаттың аяғымды,
Қақпан, шот, қыстырып ап таяғыңды,*

*Бала-шаға жеп кеткен бір ақыңды,
Қу шал, соны қуып келдің бе, баяғыңды [6; 99], —*

деп айтылады. Бұл қос шумақта да, бір тектілік пікір, ойдың бірлестігі жатқандығын анық байқауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Сүйіншіәлиев Х.* XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы. — Алматы, Жазушы, 1983. — 11-б.
2. *Жұмалиев Қ.* Қазақ әдебиеті. — Алматы: ҚМКӘБ, 1950. — 117 б.
3. Қазақ әдебиеті тарихы. — 1-т. — 1-к. — Алматы: ҚМКӘБ, 1960. — 671 б.
4. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. — Алматы: Жазушы, 1991. — 26 б.
5. Ақындар жыры. — Алматы: Жазушы, 1963. — 187 б.
6. *Қошқарбаев Ш.* Ақ қайын. — Алматы: Жазушы, 1984. — 148 б.
7. Айтыс / Құраст. Ш. Ахметов, К. Сейдаханов. — Алматы: Жазушы, 1967. — 448 б.
8. *Байтуов Ж.* Шығармалары. — Балқаш, 1991. — 17-б.
9. Ақындар айтысы // Советтік Қарағанды. — № 72. — Қарағанды, 1944. — 235-б.
10. *Жармұхамедов М.* Айтыстың даму жолдары. — Алматы: Ғылым, 1976. — 241 б.

ӘОЖ 82.091[894.342:882]

Мағжанның поэзиялық аудармалары

Бейсентай А.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В данной статье рассматриваются творчество классика казахской поэзии — поэта Магжана Жумабаева, грани его мастерства художественного перевода. Всесторонне раскрыты особенности перевода поэзии, определено место поэта-переводчика в развитии литературы, показано его художественное мастерство. Принимая во внимание тексты оригиналов и переводы М.Жумабаева, автор определяет уровень переводческой деятельности поэта на основе текстовых сравнений.

This article describes many sided translations and masterpieces of Kazakh classic poetry Magzhan Zhumabaev. His literary translations characterize his ability to rise the Kazakh poetry on the top of the world poetry. Magzhan's work's elements and poetical translations are shown from different sides. The place of literary translations in the development of literature is identified. The article also describes the aims and objectives of his translations. It is proved that his ability to translate literary works comparing them with original is on high level. There are also comparisons of texts and secularities of his translations.

Көптеген жылдар бойына жекелеген мақалалар көлемінде түрлі қырынан сөз болып келген әдеби-көркем аударма мәселесі өткен ғасырдың 60-жылдарынан бергі аралықта арнайы зерттеулерге арқау болып, аударма ісіне байланысты өзекті проблемалар жан-жақты қарастырыла бастады. Бұл ретте С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, С.Құспанов, Х.Садықов, Н.Сағындықова сияқты зерттеушілердің еңбектерін атап өту абзал. Сондай-ақ Р.Хайруллин, М.Құрманов, Ш.Сәтбаева, С.Сейітов, С.Әбдірахманов, тағы басқалардың бергі кезеңдерде жарық көрген еңбектерінде көркем аударма мәселесіне байланысты көптеген маңызды ой-пікірлердің көрініс тапқаны мәлім. Бұл жағдайдың өзі қазақ әдебиетіндегі көркем аударма ісі әдебиеттер байланысының аса маңызды буыны болуымен қатар, әдеби өмірде де өзіндік орын иеленіп үлгерген шығармашылық еңбектің бірі екендігін айғақтайды.

Олай болса, М.Жұмабаевтың аудармашылық шеберлігі, ерекшелігі жайындағы ой бағытымызды дұрыс арнада өрістету үшін, әуелгі кезекте, аудармашылықтың өзі қандай еңбек екендігін айқындап алған жөн болмақ. Бұл ретте «Әдебиеттану» терминдер сөздігіне көз салсақ, аударма «әдеби